

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 19 мамырдағы N 716 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 7 желтоқсан N 1677. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.05.20. N 851 қаулысымен. ~P970851

"Қазақстан Республикасының атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 қазандағы N 2541 U952541_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 19 мамырдағы N 716 қаулысына P950716_ (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 18. 204-құжат) мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

қаулының мәтініндегі "Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі" сөздерімен алмастырылсын;

мына мазмұндағы 14-жаңа тармақпен толықтырылсын:

"14. Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің жанындағы Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттік штаттағы 40 адамымен, оның ішінде бір орынбасары, 2 қызметтік жеңіл автомобиль лимитімен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің қарауына беріледі деп белгіленсін".

14-тармақ 15-тармақ болып саналсын;

Аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы ереженің мәтініндегі "Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті" сөздері "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздермен алмастырылсын;

4-тармақ мынадай мазмұндағы жаңа абзацтармен толықтырылсын:

"лизингті пайдалану саласында біртұтас мемлекеттік саясат жүргізуді қамтамасыз етеді;

Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттікке тікелей басшылық етуді жүзеге асырады".

Ескерту. 1-тармағының 3-4 абзацының күші жойылған - ҚРМК-нің
1995.12.19. N 1804 қаулысымен.

P951804_

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК